29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

29 ноября
ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Мен биылғы Жолдауымда «Халықтық құрылыс» жалпыұлттық бағдарламасын жарияладым. Алдағы жылдарда тұтас ел аумағында көптеген балабақша, мектеп, емхана, спорт кешендері, оңалту мекемелері, жастарға арналған шығармашылық орталықтары, театрлар, әуежайлар, вокзалдар, жолдар және басқа да маңызды нысандар салынады. Тәуелсіз Қазақстанның тарихында бір мезетте бүкіл аймақты, барлық саланы қамтитын мұндай ауқымды құрылыс бұрын-соңды болған жоқ.

№138
(5036)
Сенбі
21 қараша
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ТҰРҒЫНДАРҒА ЖАЙЛЫ ҚАЛА



САНСӨЙЛЕМ
ELORDA INFO
9 айда
Астанада
3,1 трлн
теңгенің
өнімі өндірілді
#САНСӨЙЛЕМ

Елорданы абаттандыру жұмыстары жыл бойы үздіксіз жүргізіліп келеді. Астана аумағындағы Кіші Талдыкөлдің маңайында эко-парк жобасын жүзеге асыру жұмысы да басталды. Экопаркте табиғи ландшафты сақтау, табиғи жолмен көгалдандыру, серуендеу жолдары мен жағалау аумағын абаттандыру жоспарланған.

3

29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

САЙЛАУ УЧАСКЕҢІЗДІ БІЛЕСІЗ БЕ?

Астанада 2026 жылдың 29 қарашасы күні қалалық мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді. Елорда тұрғындары дауыс беретін сайлау учаскесін қазірден бастап біле алады.

Сайлау күні қиындық туындамас үшін тұрғындар сайлаушылар тізімінде өз мәліметтерінің баржоғын алдын ала тексеріп, дауыс беретін учаскесінің мекенжайын нақтылай алады.

Өз сайлау учаскеңізді келесі тәсілдермен білуге болады:

- sailau.astana.kz ресми сайты арқылы;
- Telegram желісіндегі «Сайлау Астана» чат-боты арқылы;
- 109 нөміріне хабарласып, iKomek бірыңғай байланыс орталығы арқылы.



ҚАЗАҚСТАН – ҮЗДІК 20 ЕЛ ҚАТАРЫНДА

Қазақстан БҰҰ-ның электрондық үкіметті дамыту рейтингінде 16-орынға көтерілді. Бұл туралы ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Қазақстан БҰҰ-ның Электрондық үкіметті дамыту индексінде (UN EGDI) 24-орыннан 16-орынға көтеріліп, алғаш рет ең жоғары рейтингтік санатқа енді. Екі жыл ішінде 8 сатыға жоғарылау БҰҰ баяндамасында көшбасшы елдер арасындағы ең елеулі ілгерілеудің бірі ретінде аталды. Қазақстан осындай деңгейге жеткен өңірдегі алғашқы ел болды. Бұл нәтиже – Мемлекет басшысының Қазақстанды толыққанды цифрлық елге айналдыру жөніндегі тапсырмасын іске асырудың және мемлекеттік басқаруды трансформациялаудың негізгі құралы ретінде жасанды интеллектіні дамытуға басымдық берудің тікелей нәтижесі.

Ең жоғары рейтингтік санатқа электрондық үкіметі барынша дамыған әлемнің 21 мемлекеті кіреді. Қазір Қазақстан Корея, Дания, Сингапур, Ұлыбритания, Эстония және АҚШ-пен бір қатарда. 2026 жылы бұл санатқа алғаш рет бар болғаны үш ел: Қазақстан, Ирландия және Польша енді.

Екі жыл ішінде Қазақстан 2024 жылы рейтингте өзінен жоғары тұрған Швеция, Германия, Ирландия, Жаңа Зеландия, Австрия және Жапониядан озып кетті. Ел индексі әлемдік орташа көрсеткіш 0,6675 болған жағдайда 0,9009-дан 0,9363-ке дейін өсті.

ЕКПЕ ТҰМАУДАН САҚТАЙДЫ

Елорданың медициналық ұйымдары инфекциялардың таралуына жол бермеу және тұрғындарға уақытылы көмек көрсету үшін қажетті шараларды қабылдап жатыр, деп хабарлады Астана қаласының әкімдігі.

Тұмаудың белгілері бар тұрғындарды қабылдау үшін қалалық медициналық ұйымдарда фильтр кабинеттері мен шұғыл көмек көрсету кабинеттері жұмыс істейді. Мұнда науқастар медициналық тексеруден өтіп, қажетті көмек ала алады.

Аталған кабинеттер жұмыс күндері сағат 08:00-ден 20:00-ге дейін, ал демалыс және мереке күндері 08:00-ден 18:00-ге дейін қызмет көрсетеді.

«Тұмаудың алдын алудың негізгі тәсілдерінің бірі – вакцинация. Қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы тұрғындарға ЖРВИ мен тұмаудан сақтану үшін профилактикалық шараларды ұстануға шақырады. Ал тыныс алу жолдары инфекциясының алғашқы белгілері байқалған жағдайда медициналық көмекке уақытылы жүгіну ұсынылады» делінген әкімдік ақпаратында.

№138 (5036) 21/11/2026 Сенбі



ЕҢБЕК ТӨРГЕ ОЗДЫРАДЫ

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ III ФОРУМЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ

Ең алдымен, кәсіби мереке баршаңызға құтты болсын дегім келеді.

Бұл – мән-мағынасы ерекше оқиға. Себебі ауыл шаруашылығы – ел экономикасы үшін стратегиялық маңызы айрықша сала. Бүгін де жыл сайынғы дәстүрге сай мемлекетіміздің аграрлық ахуалын талқылау үшін арнайы жиналып отырмыз.

Ең алдымен, қазір сөз сөйлеп, өз көзқарасымен бөліскен азаматтарға, инвесторларға алғыс білдіремін. Су ресурстарын үнемдеу, жайылымдық жерлерді тиімді пайдалану, ауыл еңбекерлерінің әлеуметтік жағдайын жақсарту және басқа да өзекті мәселелерге қатысты мазмұнды пікірлер, ұтымды ұсыныстар айтылды. Үкімет және құзырлы министрлік осы мәселенің бәрін міндетті түрде назарға алуы керек. Баршаңызға мәлім, бүгінде ауыл шаруашылығы мамандары ауыл әлеуетінің артуына, тұтас мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне мол үлес қосуда. Сіздер ата кәсіпті абыроймен атқарып, ұлтымыздың игілігін еселеп жүрсіздер. Ауа райы қолайсыз болғанына қарамастан, биыл да ел қамбасы астыққа толды. Күзгі жиын-терінде еліміз бойынша 24,5 миллион тонна дақыл жиналды. Егіннің бітік болуы – молшылық пен тоқшылықтың кепілі. Бұл – еліміздегі әр шаңырақ ырысқа кенеліп, дастарханымыз берекелі болады деген сөз. Мен бүгін диқандар қауымына және осы салада еңбек етіп жүрген барша азаматқа алғыс айтамын. Қазақта «Еңбек төрге оздырады» деген сөз бар. Шын мәнінде, өз ісін адал атқарып, міндетіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын азаматтардың арқасында еліміз өсу, өрлеу дәуіріне қадам басып келеді.

Алдымызда тұрған құрылыс жоспары – шын мәнінде, оның ауқымы тұрғысынан алып қарасақ, айбынды әрі бірегей.

Геосаяси және экономикалық ахуал бұлыңғыр жағдайда мемлекетіміздің, ел азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің анағұрлым дұрыс, қисынды жолы осы екеніне сенімдімін. Осы мазмұны терең бағдарлама аясында ауыл-аймақтарға, шаруалар мен агроөнеркәсіп кешендеріне қажетті инфрақұрылым салынады. Жалпы, соңғы жеті жылда ауыл шаруашылығы саласында жемісті нәтижелерге қол жеткіздік. Азық-түлік өндірісі 28 пайызға өсті. Жалпы құны 2,7 триллион теңге болатын 1 630 инвестициялық жоба іске қосылды. Агроөнеркәсіп өнімдері экспортының көлемі екі есе ұлғайып, 7 миллиард долларға жуықтады. Соның ішінде өңделген өнім үлесі 52 пайызға жетті. Былтыр елімізде соңғы жиырма жылдың ішінде алғаш рет ауыл шаруашылығына қатысты ұлттық санақ жүргізілді. Санақ кезінде цифрлық технологиялар қолданылды. Нәтижесінде ауыл шаруашылығының жай-күйі туралы жан-жақты әрі нақты мәлімет алынды. Осы саланың шынайы ахуалын көрсететін толыққанды деректер жиналды.

Жалпы, еліміздің ауыл шаруашылығындағы әлеуеті зор. Басты міндет – қолда бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, уақытты созбай, белсенді түрде жұмысқа кірісу керек. Осы орайда, алдымызда тұрған нақты мақсат-міндеттерге тоқталып өтейін.

Бірінші мәселе. Ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру үшін оларға тиісті жағдай жасау қажет. Бұл – дұрыс. Алайда соңғы жылдары ауыл шаруашылығына қатысты «аттары бөлек, бірақ заттары бірдей» бағдарламалар тым көп болып кеткен сияқты. Мәселен, қазірдің өзінде «Ауыл аманаты», «Ауыл – ел бесігі», «Кең дала», «Береке», «Жайлау», «Игілік», «Сыбаға» және тағы басқа бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Әрине, әр жоба осы саладағы өзекті мәселелерді шешу үшін жазылады. Бірақ сол жұмыстың бәрі қаншалықты тиімді жүзеге асырылып жатыр? Меніңше, бұл – заңды сұрақ. Бізге бағдарламаның саны емес, ауыл шаруашылығының сапалы дамығаны керек. Сондықтан Үкімет ауыл мен аграрлық секторды қолдау үшін дайындалған осындай құжаттарға жан-жақты талдау жүргізуге тиіс. Әр бағдарламаның өз мақсаты мен міндеті болуы қажет. Ең бастысы, бұл жұмыс шаруаларға түсінікті болып, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартуға ықпал етуі керек. Бұл – мемлекет қаржысын үнемдеу қажеттілігіне тікелей байланысты мәселе. Жалпы, бұл бағытта жұмыс жүргізіліп жатыр. Тиісті министрліктің мәліметі бойынша тек былтырдың өзінде «Ауыл – ел бесігі» бастамасымен 500-ге жуық ауылда 921 жоба жүзеге асырылды. Олардың жалпы құны – 173 миллиард теңге. Бұдан бөлек, 277 елді мекенде сумен жабдықтау жүйесі жаңғыртылды. Енді осы жұмыстың нәтижесін тексеру керек сияқты. Неге мен бұл мәселені арнайы қозғап, қазбалап айтып тұрмын? Себебі бұрын бәріміз адамдарды қуантатын «керемет, тіпті мінсіз» ақпаратты көп тыңдадық. Соның бәріне қуандық. Сосын дұрыс статистикалық мәлімет берілмеді деп сылтау тауып, мәселені «алыс сөреге» ысырып қоя салатын едік. Біз мұндай жағдайға жол бермеуіміз керек. «Халықтық құрылыс» бағдарламасы ауыл-аймақтардың одан әрі дамуына жаңаша серпін беруге тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе – ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту. Елімізде «Ауыл аманаты» бағдарламасына бүгінге дейін 150 миллиард теңге қаржы бөлінді. Соның арқасында ауылдарда 22 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Әрине, бұл – жақсы көрсеткіш. Бірақ басты мәселе – сол 22 мың жұмыс орны қазіргі таңда сақталды ма? Қалай десек те, осы жобаның аясын әлі де кеңейте түсу қажет. Мен бұған дейін цифрлық сауда алаңдарының және банктер мен логистикалық компаниялардың мүмкіндіктері ауыл тұрғындары мен кәсіпкерлері үшін қолжетімді болуы керек деп нақты айттым. Енді осы жұмысты тиімді ұйымдастырып, өнімдерді тұтынушыға жеткізу жолын айқындайтын нақты келісімшарттар жасау керек. Жалпы, шағын шаруашылықтары бар аудандарда өнімді қабылдайтын және сақтайтын орталықтар құру қажет. Мұндай инфрақұрылым барлық өндірушіге бірдей қолжетімді болуға тиіс. Сонымен қатар мен Жолдауда ауыл шаруашылығы саласына цифрлық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіні кеңінен енгізу қажет екенін айттым. Бүгінде озық шешімдердің игілігін көріп отырған шаруа қожалықтары аз емес.

Екінші. Агросекторға қолжетімді әрі ұзақмерзімді қаржыландыру көзі қажет. Бұл жөнінде бірнеше мәрте айттық. Аграрлық кредиттік корпорация мен «ҚазАгроҚаржының» қолданыстағы инвестициялық құралдары өтінімдерді ұзақ қарайды әрі рәсімдеу тәртібі қиын, сондай-ақ цифрландыру жағы жеткілікті деңгейде емес. Сондықтан Үкімет «Бәйтерек» холдингімен және қаржы нарығын реттеуші органмен бірлесіп 2027 жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін агросекторға арналған инвестициялық құралдардың бірыңғай тізбесін ұсынғаны жөн. Екінші деңгейлі банктер ауыл шаруашылығын кредиттеуге белсенді атсалысуы керек. Бұл жөнінде де ұдайы айтып жүрміз. Әлбетте, оңай шаруа емес. Өйткені банктер – жекеменшік. Осы ретте кредитті шаруаларға қолайлы шартпен ұзақ мерзімге беру қажет. Қарызды өтеу кестесінде нақты өндіріс циклі ескерілуге тиіс және инвестициялық кезеңде негізгі берешектің төлемін кейінге шегеру мүмкіндігі болғаны жөн. Әрине, мұны тілек қана емес, тапсырма деп түсініңіздер. Бәріміз бір елде тұрамыз, бір ауамен тыныстаймыз, бір жердің суын ішеміз. Сондықтан табыста аса үлкен алшақтық болмауы керек. Қаржы көздеріне қолжетімділік туралы түсінікте де айырмашылық болмағаны жөн.

Фермерлер кредиттің алғашқы төлемін жабу үшін егінін жинап бола сала, өнімін арзан бағаға сатып жіберуге мәжбүр. Бұған жол беруге болмайды. Үкімет пен министрлік осы мәселені шешуге кірісуі керек. Шаруалар да мемлекетіміз көптеген, соның ішінде көрші елдермен салыстырғанда ауыл шаруашылығы саласына орасан зор қаржы құйып жатқанын түсінуге тиіс. Мұнда масылдыққа орын жоқ. Яғни бөлінген қаражат мақсатқа сай тиімді жұмсалуы керек. Сайып келгенде, аграрлық шаруашылықтың табысты болуы – мемлекет пен халықтың мүддесіне толық сай келеді. Осы түсінікке арқа сүйейміз. Сонымен қатар қаржыландыруға өтінім беруден бастап оны алуға дейінгі әуре-сарсаңды азайтып, рәсімдерді барынша оңтайландыру қажет. Бұл – бұрыннан келе жатқан мәселе. Проблеманың шешімі оңай көрінгенімен, қайталауға тура келіп тұр. Басқаша айтқанда, шаруалардың кредитті өтеу қабілетін бағалайтын цифрлық модель енгізу керек.

Біз ауыл шаруашылығына жасанды интеллектіні енгізу туралы жиі айтып жүрміз. Жуырда ЖИ саласындағы жаһандық жетекші компаниялардың басшыларын қабылдадым. Жалпы, бізге жасанды интеллект ауыл шаруашылығының өнімділігін еселеуге қалай көмектесетінін зерделеу керек.

Әрине, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру үшін қаржы құралдарын белсенді әрі тиімді қолданған жөн. Ал саланың өнімділігі ойдағыдай емес. Оны мойындағанымыз дұрыс. Үкіметке халықаралық қаржы ұйымдарымен бірге арнайы бағдарлама әзірлеу міндеті жүктелді. Құжатта әлемдегі озық тәжірибе де ескеріледі. Бағдарламада ұзақмерзімді шартпен қаржы тарту, техникалық және сараптамалық қолдау көрсету, заманауи технологиялар мен озық ғылыми әзірлемелерді қолданысқа енгізу тетіктері қарастырылуға тиіс.

Тағы бір өзекті мәселе – агросақтандыру жүйесін жетілдіру. Қуаңшылық, үсік және мал ауруы жылдар бойғы маңдай тер, табан ақыны желге ұшыруы мүмкін. Жергілікті климат жағдайына сеніп, жайбарақат отыруға болмайды. Бұл – әуел бастан тиімсіз стратегия. Шығынды үнемі бюджеттен өтеу де проблеманы шешпейді. Сондықтан Үкімет Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп аталған нарықты дамыту жөнінде нақты ұсыныстар беруі керек. Сонымен қатар шаруаларды тәуекелдерден алдын ала ерікті түрде сақтануға ынталандыратын шаралар қарастыру қажет.

Үшінші мәселе. Алдымызда тұрған тағы бір маңызды міндет – мал шаруашылығын дамыту. Мемлекет бұл салаға нақты қолдау көрсетіп келе жатыр. Кейінгі жылдарда ата кәсіппен айналысатын бизнес өкілдеріне несие беру көлемі ұлғайды. Асыл тұқымды мал сатып алуға баса назар аударылатын болды. Жаңа фермалар мен бордақылау алаңдары салынып жатыр. Мәселен, былтырдан бері 71 тауарлы сүт фермасы іске қосылды, 33 бордақылау алаңы салынды. Енді осы өндіріс орындарының тиімді әрі тұрақты жұмыс істеуі үшін қажетті жағдай жасау керек. Шаруашылықтарды сапалы жем-шөппен қамтамасыз еткен жөн. Дайын өнімді өткізу мәселесі де шешімін табуға тиіс. Жайылымдардың өнімділігін қалпына келтіруге және егістік көлемін ұлғайтуға ерекше көңіл бөлген абзал. Су көздері де шаруа қожалықтары үшін қолжетімді болуы керек. Бұған қоса, ветеринария саласын жаңғыртуға айрықша мән беру қажет.

Төртінші. Егін шаруашылығындағы өнімділікті арттыру маңызды. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі осы стратегиялық салаға тікелей тәуелді. Бұл белгілі жайт. Сондықтан біз үшін егіннен мол өнім алу және әр гектарға шаққанда оның өзіндік бағасын төмендету өте маңызды. Бұл түйткілді шешу жолы түсінікті деп ойлаймын. Еске сала кетейін, бұған егістіктің рационалды құрылымы, сапалы тұқым, қолжетімді тыңайтқыш, ғылыми дәлдікке негізделген егіншілік және суды үнемді пайдалану есебінен жетуге болады. Биыл диқандарымыздың минералды тыңайтқыш пайдалану деңгейі алғаш рет ғылыммен негізделген қажеттіліктің 65 пайызына жетті. Бұл – ауыз толтырып айтарлықтай жетістік. Бірнеше жыл бұрын аталған көрсеткіш небары 20 пайызды құраған еді. Сонымен бірге отандық тыңайтқыш өндірісін дамытудың маңызы зор.

Тағы бір міндет – суармалы егіншіліктің тиімділігін арттыру. Бұл аса маңызды мәселе әлі күнге шешімін таппай келеді. Осы тақырып төңірегінде қызу пікірталас жүріп жатыр. Қазіргі таңда 700 мың гектар суармалы алқапта су үнемдеу технологиясы қолданылады. Бұл жалпы ауданның жартысына да жетпейді. 2030 жылға дейін кемінде 1 миллион 300 мың гектар жерді қамту міндеті тұр. Мәселенің өзектілігін ескере отырып, Үкіметке аталған шараны тұрақты күн тәртібіне енгізуді, яғни, күнделікті жұмыс ретінде қарауды тапсырамын. Бүгінде 4,6 мың шақырым суару арнасын реконструкциялау мен жөндеу жұмыстары басталды. Мың шақырымға жуығы жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Нәтижесінде 200 мың гектар суармалы жердің жағдайы жақсарады. Үкімет әкімдіктермен бірлесіп, суармалы жерлерді кеңейту жоспарын су жеткізу мүмкіндіктерімен, арналардың жағдайымен және энергия желілерінің қуатымен ұштастырғаны абзал. Егін шаруашылығының әлеуетін толық пайдалану үшін озық ғылыми тәсілдер мен заманауи технологияларды енгізуге күш салуымыз керек. Өздеріңізге мәлім, жер қателікті көтермейді. Бірақ аялап, ұқыпты қараса, көл-көсір пайдаға кенелтеді. Мұны сіздер жақсы білесіздер. Мемлекет туған жерінің өркендеуіне үлес қосатын, ауылдастарының игілігін ойлайтын адал фермерлер мен іскер шаруаларға әрдайым қолдау көрсетеді.

Алайда жерден пайда тауып жүргенімен үлкен қалада немесе шетелде тұратын бизнесмендер де бар. Олар тіпті өздерінің шаруашылықтарына бармайды, көбіне әлеуметтік жауапкершілік танытуға құлықты емес, отандастарына жаны ашымайды, адамдардың мұң-мұқтажын түсіне бермейді. Осы орайда заңды сауал туады. Бізге жер қадірін білмейтін, халықтан алыс, ауыл шаруашылығын тек пайда табудың жолы ретінде қарастыратын адамдар қажет пе? Меніңше, жауабы анық. Қажет емес.

Бесінші мәселе. Ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу ісін дамытуға баса мән беру қажет. Бұл мәселе бойынша көп әңгіме айтылып жатыр. Соңғы үш жылда елімізде азық-түлік өндірісі 15 пайызға жуық өсті. Соның ішінде өсімдік майын өндіру көлемі 36 пайызға, ал, ет және сүт өнімдерін өндіру 25 пайызға артты. Бұл – жақсы көрсеткіш. Енді осы қарқынды сақтап, өңдеу өнеркәсібінің әлеуетін барынша күшейту қажет. Тағам өнеркәсібі саласындағы жобаларды жедел саралап, жүзеге асыру керек. Бұл жобалар азық-түлікпен қамтамасыз ету ісінде импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жаңа өндіріс нысандарын инженерлік желілерге уақтылы қосу өзекті мәселе болып отыр. Жалпы, Үкімет әкімдіктермен бірлесіп, осы салаға қолдау көрсетудің бірыңғай тәртібін әзірлеуге тиіс.

Халқымыз «Ердің атын еңбек шығарады» деп бекер айтпаған. Түптеп келгенде, ерлік жасау – елдік мұратқа қызмет ету деген сөз. Ұлт мүддесіне мінсіз және адал қызмет ететін азаматтарға әрдайым құрмет көрсетіледі. Бұл – Әділетті Қазақстанның мызғымас қағидаты. Қазір осы жерде жұртқа жанашыр, нағыз адал азаматтар отыр. Мемлекет сіздерді әрдайым қолдайды, еңбектеріңізді жоғары бағалайды. Баршаңызға тағы да алғыс айтамын. Бүгін мен ауыл шаруашылығы саласын дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін бір топ азаматты мемлекеттік наградамен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойдым. Құтты болсын!



АСТАНА ҚАЛАЙ АБАТТАНДЫРЫЛДЫ?

Қаланы абаттандыру бағытында жыл сайын ауқымды жұмыс атқарылуда. Мәселен, биыл 170-тен астам аула мен қоғамдық кеңістік (саябақтар, гүлзарлар, желек-жолдар, аллеялар) абаттандырылды. Бұл ретте көгалдандыруға, жаяу жүргіншілер жолын дамытуға және заманауи қалалық орта қалыптастыруға баса мән беріліп келеді. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында осы туралы жазды.

«Қаладағы ірі нысандардың бірі – «Мыңжылдық» аллеясы. Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының артындағы жаңа гүлзар мен «Нұрлы жол» вокзалы алдындағы аумақ абаттандырылды. Жобаның негізгі мақсаты – ұзындығы шамамен 4 шақырым болатын бірыңғай желілік саябақ қалыптастыру. Аллея бойында серуендеу аймақтары, бақтар, су элементтері, велосипед және жаяу жүргіншілер жолақтары кезектесіп орналасады. Көгалдандыруға ерекше көңіл бөлінді.

Биылғы маңызды жобалардың бірі – GreenLine жобасының екінші кезеңін іске асыру. Желілік саябақтың ұзындығы – 2,3 шақырым. Оның бойында каскадты сарқырама, тоғандар, балаларға арналған ойын алаңдары, серуендеу жолдары мен түрлі демалыс орындары бар.

Астананың тарихи кезеңі қалыптасқан, қаланың дамуы бастау алған оң жағалауына да ерекше көңіл бөліп отырмыз. Біз үшін жекелеген көшелерді жаңартып қана қоймай, олардың өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, елорданың осы бөлігіне жаңа, заманауи келбет беру маңызды. Сонымен қатар Есіл өзенінің бойында қоғамдық және рекреациялық кеңістіктердің тұтас жүйесін кезең-кезеңімен қалыптастырып келеміз, цирк маңындағы аумақ та абаттандырылды.

Келесі жоба – Кіші Талдыкөл аумағында экопарк құру. Биыл бұл жобаны жүзеге асыру жұмысы басталды. Экопаркте табиғи ландшафты сақтау, аумақты табиғи жолмен көгалдандыру, серуендеу жолдары мен жағалау аумағын абаттандыру көзделген.

Сол сияқты Триатлон парк маңындағы аумақты дамыту жұмысын әрі қарай да жалғастырамыз. Мұнда жағалауды одан әрі көркейтіп, өзеннің екі жағасын байланыстыратын жаңа жаяу жүргіншілер көпірін салу жоспарланып отыр. Көпірдің өзі жеке сәулеттік нысанға айналады.

Басты мақсат – жекелеген саябақтар мен гүлзарлар салумен шектелмей, қаланың барлық ауданындағы тұрғындарға қолжетімді, өзара ыңғайлы жаяу жүргіншілер жолдарымен байланысқан сапалы қоғамдық кеңістіктердің тұтас жүйесін қалыптастыру» деп жазды Жеңіс Қасымбек.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ МӘСЕЛЕ

Астанада оқушылардың қауіпсіздігін арттыруға, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға және ата-аналардың жауапкершілігін нығайтуға бағытталған «Жауапты ата-ана – қауіпсіз балалық шақ» жобасы жүзеге асырылып жатыр.

Қазіргі уақытта бастама елордаының 20 мектебін қамтып, оған 2,8 мыңнан астам оқушы мен ата-ана қатысуда. Бүгінге дейін өткен іс-шараларға елордалық 600-ге жуық ата-ана мен 2 200 оқушы қатысқан.

Жоба аясында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары түрлі форматта ұйымдастырылуда. Атап айтқанда, тақырыптық кездесулер, семинарлар, дөңгелек үстелдер мен форумдар өткізіледі. Негізгі назар ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, балаларға төнетін қауіп-қатердің алдын алуға және білім беру ұйымдарында ғана емес, одан тыс жерлерде де қауіпсіз орта қалыптастыруға аударылған.

Бастаманы жүзеге асыруға Құрылтай депутаттары, елордалық Бала құқықтарын қорғау басқармасының өкілдері, Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкіл, «Әкелер одағы» қалалық және аудандық филиалдарының жетекшілері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен кәсіби психологтар тартылған.

Сонымен қатар «Қауіпсіз балалық шақ» арнайы ақпараттық порталын әзірлеу жұмыстары аяқталуға жақын. Жаңа цифрлық платформада балалардың құқықтарын қорғау, олардың қауіпсіздігі және жауапты ата-ана болу мәселелері бойынша практикалық ұсынымдар, ақпараттық және анықтамалық материалдар орналастырылады.

Жобаны іске асыру елордалық мектептерде әрі қарай жалғасады. Басты мақсат – балалардың қауіпсіз ортада тәрбиеленіп, дамуы үшін отбасы, мектеп, қоғамдық институттар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланысты нығайту.



КОЛЛЕДЖДЕГІ КЕЗДЕСУ

Астанада М.Тынышпаев атындағы Астана ALT көлік колледжінде «Еңбек нарығының өзгеруі жағдайында колледж бен жұмыс берушілердің стратегиялық серіктестігі: болашақ мамандарды даярлауда күш-жігерді біріктіру» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Аталған іс-шара техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі мен өндіріс саласы өкілдері арасында өзара пікір алмасуға, тәжірибе бөлісуге және бірлескен шешімдер қабылдауға мүмкіндік берген маңызды алаңға айналды. Кездесуге көлік және теміржол саласындағы жетекші кәсіпорындардың басшылары, әлеуметтік серіктестер мен колледж әкімшілігі қатысты.

Дөңгелек үстелдің басты мақсаты – еңбек нарығының заманауи талаптарына сай білікті мамандар даярлау үшін білім беру ұйымдары мен өндіріс орындарының күш-жігерін біріктіру, сондай-ақ алдағы ынтымақтастықтың нақты бағыттарын айқындау.

Кездесуде колледж директоры Әлішер Жұмаділдин сөз алып, қазіргі таңда еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлау жұмыс берушілердің білім беру процесіне тікелей қатысуынсыз мүмкін еместігін атап өтті.

Дөңгелек үстел барысында кәсіби кадрлар даярлаудың өзекті мәселелеріне арналған мазмұнды баяндамалар жасап, теориялық білім мен практикалық дайындықты өзара ұштастыратын заманауи білім беру ортасын қалыптастыруға, студенттердің озық технологияларды пайдалана отырып, болашақ мамандығын терең меңгеруіне ықпал етерін сөз етті.

Ашық пікір алмасу барысында жұмыс берушілер колледжбен ынтымақтастықты одан әрі дамытуға, білім беру бағдарламаларын жетілдіруге, сапалы өндірістік тәжірибені ұйымдастыруға, дуальды оқытуды кеңейтуге және кәсіпорындар үшін кадрлық резерв қалыптастыруға қызығушылық білдірді. Қатысушылар дәстүрлі ынтымақтастық түрлерінен білім беру мен өндірісті тығыз байланыстыратын жаңа серіктестік үлгісіне көшу қажеттігін атап өтті.

Кездесуде кәсіпорындармен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойып, мамандандырылған оқу кабинеттерін ашу, оқу симуляторларын пайдалануға беру және педагогтардың тағылымдамаларын ұйымдастыру перспективалары өндіріс орындарының сапалы кәсіптік білім беруді дамытуға мүдделі екенін аңғартты.

М.Тынышпаев атындағы Астана ALT көлік колледжі жұмыс берушілермен байланысты жүйелі түрде нығайтып, студенттерге, педагогтарға және әлеуметтік серіктестерге жаңа мүмкіндіктер қалыптастыру бағытындағы жұмысын жалғастырады.



ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ САБАҒЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру аясында Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің қызметкерлері қалалық психикалық денсаулық орталығының медицина мамандарымен ақпараттық-түсіндіру кездесуін өткізді.



Кездесу барысында қатысушыларға қаржылық алаяқтықтың кең таралған түрлері, оның ішінде қаржы пирамидаларының қызметі, негізгі белгілері және азаматтарды заңсыз қаржылық схемаларға тарту тәсілдері туралы ақпарат берілді.

Сондай-ақ цифрлық қауіпсіздік пен цифрлық гигиена мәселелеріне ерекше назар аударылды. Департамент қызметкерлері интернетті қауіпсіз пайдалану ережелерін, онлайн-сервистер мен әлеуметтік желілерде сақтық шараларын сақтау жолдарын, сондай-ақ жеке деректерді алаяқтардан қорғау тәсілдерін түсіндірді.

Кездесуге қатысушыларға қысқа мерзімде әрі кепілді түрде жоғары табыс табуға уәде беретін ұсыныстарға сыни көзқараспен қарау, жеке мәліметтер мен банк деректерін бөгде адамдарға бермеу, қаржылық операциялар кезінде сақ болу қажеттігі ескертілді.

Мұндай кездесулер халықтың қаржылық және цифрлық сауаттылығын арттыруға, жеке қаржылық қауіпсіздікке жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыруға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған.

Imvelo Kazakhstan Ltd. жеке компаниясының (БСН 260240900869) жалғыз акционері 2026 жылғы 17 қарашасында компанияны Астана халықаралық қаржы орталығының тізілімінен шығару туралы шешім қабылдағанын хабарлайды. Тізілімнен шығарылғаннан кейін компанияның қызметі толық тоқтатылады.

Барлық талаптар мен арыздар мына байланыс деректері бойынша қабылданады: Астана қ., Қорғалжын тас жолы, 19, 199-кеңсе, be@bolatbek.kz

№138 (5036) 21/11/2026 Сенбі

Қоғамдық пікірді ескеру, халықтың талап-тілегін билікке жеткізу және мемлекеттік органдардың қызметіне азаматтық бақылау жасау – демократиялық қоғамның маңызды тетіктерінің бірі. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында құрылған қоғамдық кеңестер бүгінде азаматтық қоғам мен мемлекеттік басқару жүйесінің арасындағы байланысты нығайтатын маңызды институтқа айналды. Міне, осы мақсатта өз жұмысын бастаған Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің құрылғанына биыл 10 жыл толды. Осы жылдар ішінде кеңес елорданың қоғамдық-саяси өміріне араласып, қала тұрғындарын толғандырған мәселелерді талқылауға, шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың қатысуына мүмкіндік беретін алаң ретінде қалыптасты.



ҚОҒАМ МЕН БИЛІК АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР

Айтулы датаға орай Астанада Қоғамдық кеңестің 10 жылдық қызметіне арналған салтанатты отырыс өтті. Жиынға қала әкімінің орынбасары Талғат Рахманберді, Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері, қала аудандары әкімдерінің орынбасарлары, басқарма басшылары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, Қоғамдық кеңес мүшелері мен жұмыс топтарының жетекшілері қатысты.

Салтанатты отырыста кеңестің 10 жыл ішінде атқарған жұмыстары қорытындыланып, оның елорда өміріндегі орны мен қоғамдық бақылау бағытындағы қызметі таныстырылды. Сонымен қатар арнайы әзірленген бейнематериал арқылы кеңестің қызметі мен қол жеткізген нәтижелері көпшілік назарына ұсынылды.

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ – ЖАУАПТЫ ҚОҒАМНЫҢ БЕЛГІСІ

Астана қаласы Қоғамдық кеңесі төрағасының міндетін атқарушы, ҚР ҰҒА академигі Кәрімбек Құрманәлиев 10 жыл ішінде қоғамдық кеңестердің қоғам өмірінен өз орнын тапқанын атап өтті. Оның айтуынша, кеңес халықтың мүддесін білдіріп қана қоймай, тұрғындардың талап-тілегі мен ұсынысын мемлекеттік органдарға жеткізетін, азаматтық бақылауды қамтамасыз ететін маңызды қоғамдық институт екенін толық дәлелдеген.

– Қоғамдық кеңес осы жылдар ішінде өз орнын тапты деп сеніммен айта аламын. Олар халықтың мүддесін білдіріп, тұрғындардың тілектері мен сұрақтарын тиісті ұсынымдар әзірлеу арқылы мемлекеттік органдарға жеткізді. Азаматтарды ортақ мақсатқа жұмылдырып, ең өзекті мәселелер бойынша қоғамдық бақылауды қамтамасыз етті. Қоғамдық тыңдаулар мен қоғамдық мониторингтер өткізіп, билік пен азаматтық қоғам арасында тиімді кері байланыс орнатты, – деді ол.

Кәрімбек Құрманәлиев кеңестің құрамдық тұрғыдан да біртіндеп жаңарып, қоғамдық өкілдік аясын кеңейткеніне тоқталды. Алғашқы құрамда коммерциялық ұйымдардың, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, мәслихат депутаттары және әкімдік өкілдері болса, қазіргі төртінші құрамда үкіметтік емес сектор, бизнес қауымдастықтар, саяси партиялар мен белсенді азаматтар кеңінен қамтылған. Оның пікірінше, мұндай құрам Қоғамдық кеңеске азаматтық сектор мен қала тұрғындарының мүддесін барынша тиімді білдіруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге кеңес жұмысының сабақтастығы да сақталған. Мәселен, үшінші құрамда болған мүшелердің 26 пайызы төртінші құрамға қайта сайланып, өз тәжірибесін жалғастырып отыр.

Қоғамдық кеңестің өкілеті де ауқымды. Оның қарауына қала бюджетінің жобасы мен оның атқарылуы туралы есеп, нормативтік-құқықтық актілер, азаматтардың құқығы мен бостандығына қатысты мәселелер енеді. Осы бағыттағы жұмысты жүйелі жүргізу үшін кеңес жанынан алты комиссия құрылған. Әр комиссия өз құзыретіне сәйкес белгілі бір саланың мәселелерін зерделеп, ұсыныстар әзірлейді.



Кеңес төрағасының міндетін атқарушы қоғамдық бақылаудың түпкі мақсаты мемлекеттік органдардың жұмысын сынаумен ғана шектелмейтінін атап өтті. Оның басты міндеті – мемлекеттік шешімдердің ашықтығы мен тиімділігін арттыру, қоғамдық мүддені қорғау, азаматтық бастамаларды қолдау және тұрғындардың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайту.

10 жылдық жұмыстың нәтижесін нақты көрсеткіштер де айғақтайды. Кәрімбек Құрманәлиевтің мәліметінше, осы кезеңде Астана қаласының Қоғамдық кеңесі 219 отырыс өткізіп, 967 мәселені қараған. Ал 2025 жылы сәуірде жұмысын бастаған төртінші құрамның 36 отырысында 159 мәселе талқыланған. Бұл кеңестің елордадағы қоғамдық маңызы бар мәселелерді қарастыруға жүйелі түрде қатысып келе жатқанын көрсетеді.



ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР – ҚАЛА ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ӨЛШЕМІ

Салтанатты жиында Астана қаласы әкімінің орынбасары Талғат Рахманберді Қоғамдық кеңестің елорданың қоғамдық-саяси өміріндегі орнына тоқталып, оның 10 жылдық қызметін азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланыстың нәтижесі ретінде бағалады.

– Елордамыздың қоғамдық-саяси өмірінде өзіндік орны бар маңызды институттың бірі – Астана қаласының Қоғамдық кеңесі. Кеңестің құрылғанына 10 жыл толуымен баршаңызды құттықтаймын! Осы жылдар ішінде ол азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы тиімді диалог алаңына айналды, – деді Талғат Рахманберді.

Қала әкімінің орынбасары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Халық Кеңесінің алғашқы сессиясында елдік маңызы бар мәселелерді талқылау барысында қоғамдық кеңестердің әлеуетін толық пайдалану қажеттігін атап өткеніне назар аударды. Оның айтуынша, бұл міндет қоғамдық кеңестердің жауапкершілігін арттырып, қала тұрғындарының мүддесін қорғау мен өзекті мәселелерді шешудегі кәсіби құзыретін одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Талғат Рахманберді соңғы жылдары елорда экономикасының тұрақты өсіп, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымының кеңейгенін тілге тиек етті. Астанада жаңа мектептер, көпірлер, қоғамдық кеңістіктер мен аулалар салынып, жаңа ғимараттар мен шағын аудандар бой көтерді. Осындай ауқымды өзгерістер кезеңінде Қоғамдық кеңестің де өзіндік үлесі бар.

– Қала әкімдігі Қоғамдық кеңеспен өзара іс-қимылға ерекше мән береді. Өйткені қаланың дамуына қатысты маңызды шешімдерді қабылдауда қоғамдық пікірді ескеру, тұрғындармен ашық диалог орнату – басты міндетіміздің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, Қоғамдық кеңестің атқаратын рөлі айрықша. Алдағы жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін, кеңестің қызметі одан әрі жандана берсін! – деді қала әкімінің орынбасары.

БАСТЫ КҮШІ – ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІНДЕ

Жиында Қазақстан Халық Кеңесі Өңірлік даму және жергілікті өзін-өзі басқару комитетінің төрағасы Табиғат Зейнұлқабден Қоғамдық кеңес институтының қалыптасу кезеңі мен қоғам өміріндегі маңызына тоқталды.

Оның айтуынша, 10 жыл қоғамдық институт үшін аса ұзақ уақыт болмағанымен, оның қалыптасып, орнығуы және қоғам сеніміне ие болуы тұрғысынан маңызды белес саналады. Осыдан 10 жыл бұрын қабылданған «Қоғамдық кеңестер туралы» заң мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты жаңа деңгейге көтеріп, азаматтардың ел басқару ісіне араласуына, мемлекеттік шешімдерді талқылауына және қоғамдық бақылау жүргізуіне институционалдық мүмкіндік берді.

Табиғат Зейнұлқабден елорданың дамуымен бірге тұрғындардың сұранысы мен қоғамдық мәселелердің ауқымы да артып келе жатқанын атап өтті. Мұндай жағдайда қаланы дамытуға қатысты шешімдер қабылдауда халықтың пікірін ескеру, тұрғындардың мүддесін қорғау және билік пен қоғам арасындағы сенімді нығайту айрықша маңызға ие.

Ол Астана қаласының Қоғамдық кеңесі 10 жыл ішінде қызмет сабақтастығын сақтап, қоғамдық бақылаудың өзіндік мектебіне айналғанын айтты. Кеңес құрамында әр жылдары белсенді азаматтар, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, сарапшылар мен қоғам қайраткерлері еңбек етті. Бүгінде қоғамдық сектор, бизнес қауымдастық, саяси партиялар мен белсенді азаматтардың бір алаңда тоғысуы оның қоғамдық өкілдік сипатын күшейте түскен.

– Қоғамдық кеңестің басты күші оның құрамының санында емес, қоғамның үнін теңгерімді жеткізіп, көтерілген мәселелердің шешілуіне қаншалықты ықпал ете білуінде. Қалалық бюджет, оның атқарылуы, нормативтік-құқықтық актілер, тұрғындардың құқығы мен мүддесіне қатысты мәселелердің барлығы қоғамдық талқылау мен тұрақты назарды қажет етеді. Сондықтан кеңес жұмысының ашықтығы мен жүйелілігі оның жауапкершілігі мен кәсіби ұстанымын көрсетеді, – деді ол.

Сонымен қатар комитет төрағасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың







10 ЖЫЛДЫҚ ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ЖАҢА МІНДЕТТЕР

Қоғамдық кеңестер институтының қалыптасқанына 10 жыл толды. Осы кезеңде қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа тәжірибесі жинақталды. Оның нәтижелері, шешілмеген мәселелері мен алдағы міндеттері туралы мемлекет және қоғам қайраткері, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің III және IV шақырылымдарының төрағасы Зұлфухар Сұлтанұлы Ғайыповпен әңгімелестік.



алдағы кезеңде алдымызда тұрған жаңа міндеттерді айқындайтын мүмкіндік» деп түйіндеді ол сөзін.

Мерейтойлық жиында Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің алғашқы төрағасы Сансызбай Есілов кеңестің құрылу тарихына тоқталып, алғашқы шақырылымның жұмысын ұйымдастыру оңай болмағанын еске алды.

– Алғашқы шақырылымның жұмысы оңай болған жоқ. Өйткені азаматтар Қоғамдық кеңестің не екенін, оның қандай міндет атқаратынын әлі толық түсіне бермейтін. Заңды да жан-жақты меңгеріп, жаңа құрылымның жұмысын қалыптастыру керек болды. Сондықтан Астананың әр саласында қызмет атқарған тәжірибесі мол азаматтарды кеңес құрамына шақырдық. Саяси партиялардың да өкілдерін тарттық. Бүгінде арада 10 жыл өткенде Қоғамдық кеңестің өз орнын тауып, жұмысын жалғастырып, елордада беделді қоғамдық институтқа айналғанын көріп қуанып отырмын, – деді ол.

Сансызбай Есілов алғашқы және екінші шақырылымда бірге қызмет атқарған әріптестеріне алғыс айтып, қазіргі кеңестің құрамын жасақтауда да қоғамдық бірлестіктердің әлеуметтік сипаты мен халықпен байланысына назар аудару қажеттігін жеткізді. Сөз соңында ол қазіргі төртінші шақырылым мүшелеріне сәттілік тілеп, халықтың сенімінен шығып, әкімдікпен бірлесе отырып, елорда тұрғындарының игілігі жолында нәтижелі еңбек етуге шақырды.

Қоғамдық кеңестің III және IV шақырылымының төрағасы, мемлекет және қоғам қайраткері Зұлфухар Ғайыпов сөз кезегінде қоғамдық кеңестердің қазіргі құзыреті бұрынғыға қарағанда кеңейіп келе жатқанын атап өтті. Әсіресе Қазақстан Халық Кеңесінің құрылуына байланысты қоғамдық кеңестердің көкжиегі кеңейіп, мүмкіндігі де арта түскенін тілге тиек еткен ол «Мұндай мүмкіндікті тиімді пайдаланып, қоғамдық бастамаларды нақты іске айналдыру қажет» деді.

Осы орайда Зұлфухар Ғайыпов Астана қаласы мәслихатының бастамасымен қолға алынған Joltap бағдарламасын мысалға келтірді. Оның айтуынша, бастапқыда елорда деңгейінде жүзеге асқан бұл бастама бүгінде республикалық ауқымда қолданылатын тәжірибеге айналып келеді. Мұндай мысалдар қоғамдық институттардың жергілікті мәселелерді шешумен қатар, өзге өңірлерге де үлгі бола алатынын көрсетеді.

Салтанатты отырыс барысында Қоғамдық кеңестің қалыптасуы мен дамуына, оның қоғамдық қызметінің өркендеуіне үлес қосқан азаматтарға қала әкімдігі және Қоғамдық кеңес атынан марапаттар табысталып, алғыс хаттар берілді. Сондай-ақ жиында Қоғамдық кеңестің бірінші және екінші шақырылымдарына төрағалық еткен Сансызбай Есіловке айрықша құрмет көрсетілді. Биыл 75 жасқа толған ардагерге қазақтың дәстүрі бойынша арнайы шапан жабылып, сыйсияпат жасалды.

Қысқасы, Қоғамдық кеңестің 10 жылдық тарихы бір ғана ұйымның мерейтойы емес. Бұл – елордада қоғамдық пікірді мемлекеттік басқару ісіне тарту, халық үніне құлақ асу және өзекті мәселелерді ашық талқылау мәдениетінің қалыптасу кезеңі, сондай-ақ өткенді қорытындылап, келешекке кемел жоспар жасайтын айтулы сәт.



Беттерді дайындаған **Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

– Қоғамдық кеңестердің 10 жылдық қызметіне қандай баға берер едіңіз?

– Бұл 10 жылды қоғамдық қатысудың жаңа институты қалыптасқан кезең деп бағалаймын. Қоғамдық кеңестер мемлекеттік органдардың жұмысын ашық талқылауға, азаматтардың пікірін ескеруге және қоғамдық бақылауды дамытуға арналған тұрақты алаңға айналды.

Мәдениет министрлігінен алынған мәліметке сәйкес, елімізде 264 Қоғамдық кеңес жұмыс істейді. Оның 36-сы – республикалық, 228-і – жергілікті деңгейде. Кеңестер құрамына 4 мыңға жуық азамат тартылған, олардың 74 пайызы – азаматтық қоғам өкілдері. Бұл көрсеткіштер қоғамдық қатысудың орнықты институты қалыптасқанын аңғартады. Алайда басты өлшем – тек статистика емес, қоғамдық ұсыныстың нақты шешімге ықпалы.

Әрине, барлық өңірдегі нәтиже бірдей емес. Бір жерде Қоғамдық кеңестің ұсынысы нақты өзгеріске әкелсе, басқа жерде жұмыс ресми талқылаумен шектелуі мүмкін. Сондықтан алдағы кезеңде негізгі өлшем отырыстар мен ұсынымдардың саны емес, олардың нақты нәтижеге ықпалы болуы қажет.

– Сіз Астана қалалық Қоғамдық кеңесіне екі мәрте төрағалық еттіңіз. Сол тәжірибеден қандай қорытынды шығардыңыз?

– Елордадағы жұмыс маған бір маңызды қағиданы көрсетті: Қоғамдық кеңестің беделі атауымен емес, мәселені жан-жақты зерделеуімен, тәуелсіз ұстанымымен және нақты нәтижеге ықпал етуімен қалыптасады. Қандай мәселе қаралса да, қабылданатын шешім Астана тұрғындарының әлеуметтік жағдайына, қоғамдық көңіл күйіне, мемлекеттік институттарға деген сеніміне қалай әсер ететінін бағалауға тырыстым. Өйткені Астана – елорда. Мұндағы әлеуметтік маңызды шешімдердің қоғамдық мәні қала шеңберінен де асып түседі. Мақсат – көпшілікке ұнау емес, барынша әділ шешімге ықпал ету.

Мысалы, 2026 жылы қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару тарифін 250 теңгеден бірден 1250 теңгеге көтеру мәселесі талқыланды. Қызмет көрсетуші ұйымдардың экономикалық қажеттілігін ескермеуге болмайды. Алайда тарифті бірден бес есеге өсіру тұрғындарға ауыр салмақ түсіретін еді. Бірқатар қатысушы тарифтің көтерілуіне тұтастай қарсы болды. Мен оны кезең-кезеңімен өзгертуді, бастапқы өсімді 35 пайызбен шектеуді ұсындым. Кейін мәселе мәслихатта қайта қаралып, тариф 650 теңге болып бекітілді. Демек, бастапқы ұсынылған 1250 теңгелік деңгей қабылданған жоқ. Әрине, түпкілікті шешім мен ұсынған мөлшер бірдей болмады. Бірақ осы талқылау қоғамдық пікір мен әлеуметтік салдарды ескерудің қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Бұл тәжірибеден түйгенім: Қоғамдық кеңестің міндеті кез келген бастамаға қарсы шығу да, оны сөзсіз қолдау да емес. Экономикалық қажеттілік пен тұрғындардың мүддесін таразылап, негізді шешім ұсыну. Мен үшін басты өлшем – шешімнің танымалдығы емес, оның әділдігі мен қоғам алдындағы жауапкершілігі.



> Президент Қазақстан Халық Кеңесінің алғашқы сессиясында қоғамдық кеңестердің жаңа кезеңдегі қызметіне қатысты міндеттерді көтерді. Осы тұрғыдан мен екі бағытты ерекше атар едім: «Қоғамдық кеңестер туралы» заңнаманы жетілдіру және олардың жұмысының бірыңғай сапа стандартын қалыптастыру

– Қоғамдық кеңестердің бүгінгі негізгі проблемалары қандай?

– Мен үш жүйелі мәселені бөліп айтар едім.

Бірінші мәселе – ұсынымдардың орындалуын соңына дейін бақылау тетігінің әлсіздігі. Кейде мемлекеттік органның жауап хаты мәселенің шешімі ретінде қабылданады. Ал жауап беру мен нақты нәтиже – екі бөлек нәрсе.

Екінші мәселе – кеңестердің институционалдық дербестігі мен сараптамалық әлеуетін нығайту. Қоғамдық бақылау үшін тек белсенділік жеткіліксіз; кәсіби талдау, ақпаратқа қол жеткізу және тәуелсіз пікір қажет.

Үшінші мәселе – өзгерген қоғамдық-саяси жағдайда қоғамдық кеңестердің басқа өкілді және консультативтік институттармен өзара іс-қимылын айқындау. Мұнда әр институтпен ықпалдастық олардың автономиясын шектеуге немесе бір құрылымды екіншісіне бағындыруға әкелмеуі қажет.

Қоғамдық кеңестер жергілікті деңгейде мәселені зерделеп, ұсым әзірлейді; мәслихаттар оны өз өкілеті шегінде қарастырып, тиісті бақылау тетіктерін пайдалана алады. Ал өңірлерге ортақ жүйелі мәселелер Қазақстан Халық Кеңесінің алаңында талқылануы мүмкін. Мұндай байланыс әр институттың мәртебесін сақтап, ақпарат пен сараптама сапалы алмасуға негізделгенде ғана нәтижелі болады. Мен үшін маңыздысы – қандай да бір институттың беделін көтеру емес, қоғамдық мүддені қорғаудың тиімді әрі әділ тетігін қалыптастыру. Өзара іс-қимылдың тәртібі де осы қағидаға сүйеніп, құқықтық жағынан айқындалғаны жөн.

– Алдағы 10 жылдықта қоғамдық кеңестер қандай бағытта дамуы қажет?

– Президент Қазақстан Халық Кеңесінің алғашқы сессиясында қоғамдық кеңестердің жаңа кезеңдегі қызметіне қатысты міндеттерді көтерді. Осы тұрғыдан мен екі бағытты ерекше атар едім: «Қоғамдық кеңестер туралы» заңнаманы жетілдіру және олардың жұмысының бірыңғай сапа стандартын қалыптастыру.

Заңнамалық өзгерістер қоғамдық кеңестердің дербестігін, ақпаратқа қол жеткізуін, ұсынымдардың қаралуы мен орындалу нәтижесін бақылау мүмкіндігін нығайтуға бағытталғаны орынды. Ал бірыңғай стандарт кеңес құрамын ашық қалыптастыру, мәселені зерделеу, қоғамдық сараптама жүргізу, негізді ұсым әзірлеу және мемлекеттік органдармен кері байланыс орнату үшін ортақ сапа өлшемдерін белгілей алады. Сонымен бірге стандарт кеңестердің дербестігін шектейтін немесе өңір ерекшеліктерін елемейтін қатаң нұсқаулыққа айналмауы қажет. Оның мақсаты – жұмыс сапасын көтеру, ашықтықты қамтамасыз ету және озық тәжірибені тарату.

Жаңа саяси жағдайда қоғамдық кеңестер мен мәслихаттардың Қазақстан Халық Кеңесімен өзара іс-қимылы да осы қағидаларға негізделгені маңызды. Қоғамдық кеңес мәселені анықтап қана қоймай, оның себебін талдап, шешу жолын ұсынып, нәтижесін бақылауға ұмтылғанда қоғам сенімі нығаяды. Қоғамдық кеңестердің алғашқы 10 жылы олардың қоғамдық өмірдегі орнын айқындады. Алдағы онжылдық олардың дербестігін сақтай отырып, нақты ықпалын күшейтуімен, ұсынымдарының нәтижесімен және қоғам сенімінің деңгейімен бағаланатын болады деп сенемін.

№138 (5036) 21/11/2026 Сенбі

ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН БАСТАУ АЛҒАН



Биыл – тәуелсіздік алғанымызға 35 жыл. Уақыт пен тарих өлшемімен алғанда, еліміз әлі жол басында көрінгенімен, атқарылған іс ауқымы мен мазмұны бірнеше буынның ғұмырына татырлық. Әрі жадымызда ұдайы жаңғыртып тұрмасақ, болмайтын жарқын тұстарымыз да, жасампаз дерлік шаруалар да баршылық. Тәуелсіздік жылнамасындағы сондай жарқын беттің бірі – шетелдегі ағайынның атамекенге жаппай оралуы, яғни қандастар көші.

Еліміз 35 жыл бұрын тарих сахнасына шығып, 1991 жылдың 31 желтоқсанында, жаңа жыл түнінде Тұңғыш Президент радио арқылы шетелдегі барша ағайынға «Отанға оралыңдар» деп үндеу тастағанда, 43 мемлекетте қазақ диаспорасы тұрып жатқан.

Жалпы, шекаралас мемлекеттердегі қазақ диаспорасының Қазақстанға көшіп немесе келіп-кетіп тұруы – қашанда болып тұрған процесс. Алайда мұны қандастар көші емес, КСРО секілді ортақ шекара ішіндегі барыс-келіс қана дей аламыз. Ал шын мәніндегі қандастар көші Моңғолия бағытынан басталған екен.

Шеттегі ағайынның атамекенге оралу процесінің ең басында Қаз КСР-і мен Моңғолияның Баян-Өлгей аймағы арасында ресми делегациялардың барыс-келісі бар. М.Горбачевтің «жариялылық» – ашықтық саясаты арқасында пайда болған жылымықтың арқасында 1990 жылдың сәуір айында Баян-Өлгей қаласының әкімшілігі мен қоғам белсенділерінен құралған моңғол-қазақ делегациясы ресми сапармен Алматыға келеді. Бұл атамекендегі қазақ пен шетелдердегі қандастар арасында орын алған ең алғашқы ресми байланыс болған екен. Дәл осы делегация кездесулерінде Моңғолиядағы ағайынның тарихи отанға оралу жайы қамтылған.

Моңғолияның Ұланбатырынан 1990 жылдың желтоқсанында Алматыда тағы бір делегация болып, осы жолы көш мәселесінде нақты келісімге қол жетті. Делегация құрамына сол кездегі моңғол үкіметінде жауапты лауазымдарда болған Сағат Заханқызы, Аятхан Тұрысбекұлы, ғалым Саит Заханұлы және бірнеше моңғолиялық қазақ зиялы қауым өкілдері кіреді.

А.Тұрысбекұлының еске алуынша, 1991 жылы Қазақстанға көшу жолы табылған. Бұл жолды салғандардың ұстаған амалы – «еңбек шарты» деген келісім. Сол жылдары моңғол елі бірқатар экономика дағдарысына ұрынып, елді жұмыссыздық жайлайды да, әлеуметтік мәселелер қандастардың бастапқы көшіне түрткі болады.

Моңғолиядан қазақ делегациясы 1990 жылдың желтоқсанында Алматыға келіп, Талдықорған облысының Кербұлақ ауданы халық депутаттары атқару комитетінің төрағасы Тілеухан Садықұловпен танысып, кездеседі. Осы таныстық көшке леп беріп, 100 адамды аталған ауылға әкелу шарты жасалады.

Бастапқы жол салушылардың еске алатынындай, «моңғол үкіметінің ол кезде қазақтарға қарауға шамасы жоқ еді, тапшылық, жоқшылық, жұмыссыздық жайлай бастаған. Біз осы кезеңді пайдаландық қой. Кейбір моңғолдардың өздері де шетелдерге еңбек шартымен кете бастады».

Тағы бір жол салушы куәгер, қандас Сағат Заханқызының дерегінше, 90-жылдардың басында Моңғолиядағы еңбек дағдарысын ұтымды пайдаланып қалу қажеттілігі туды. Жұмыссыздарды еңбекпен қамтамасыз ету үшін шетелдерге шығару, соның ішінде қазақтарды Қазақстанға шығару керек деген мәселе көтерілді. Нәтижесінде 1990 жылы желтоқсанның 19-ы күні Сағат Заханқызы Моңғолияның Еңбек министрлігінен Қазақ КСР-ына барып, еңбек келісімшартын жасауға құқық берілген №1 жолхатқа қол жеткізеді.

Ұлы көштің басталуына себепші болған алғашқы еңбек келісімшарты сол кездегі Талдықорған облысының Сарыөзек кеңшарында 1990 жылы желтоқсанның 27-сі күні дүниеге келеді. Келісімшартқа Қазақстан тарапынан Кербұлақ ауданын атқару комитеті төрағасының орынбасары В.Колупаев, ауыл шаруашылығы бірлестігінің төрағасы Нұрбай Жантілеуов қол қояды. Әрі қарай Моңғолия Еңбек министрі Ц.Цолмонның бұйрығымен Сағат Заханқызы Қазақстанға баратын жұмысшыларды басқаратын өкіл ретінде тағайындалады. 1991 жылы наурыздың 12-сі күні құрамында 96 адамы бар алғашқы көш Ұланбатырдан аттанып, атамекенді бетке алады. «Сол 96 адам ұлы көштің алғашқы қарлығаштары еді» деп еске алады С.Заханқызы өз естелік кітабында. Туған елдің топырағын тұңғыш болып аттаған кісілердің аты-жөнін С.Заханқызының «Ұрпақтар тоғысы» атты кітабынан табуға болады.

Қандастар көшінде қаперге алмай қоймайтын тағы екі құжат бар. Ол – 1991 жылдың 18 қарашасында, яғни тәуелсіздік жария етілерден 28 күн бұрын Қаз КСР Министрлер кабинеті шығарған құжат. Басқа республикалардан және шет мемлекеттерден ауылдық жерлерде жұмыс істеуге ниет білдірген байырғы ұлт өкілдерін Қазақ КСР-іне қоныстандырудың тәртібі мен шарттарын қабылдады.

«Байырғы ұлт өкілдері» дейді. Қасаң саяси құжат тілі. Былайша айтқанда, «қазақтар» дегені. Құжат – қандастар көшінің бастау алуында Қазақстандағы ең алғашқы құқықтық негіз. Ал келер 1992 жылдың 26 маусымында, яғни тәуелсіздігіміздің алтыншы айында ҚР Жоғарғы Кеңесі атақты және өз кезеңі үшін үлкен мәнге ие болған «Көші-қон туралы» заңды қабылдады.

Тәуелсіздікпен қатар бастау алған қандастар көшіне де биыл 35 жыл. Сол кезеңнен бері атамекенге 1,5 млн-нан астам қандасымыз оралып, демографияның артуына, Отанымыздың дамуына өз үлесін қосты. Бұл – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы маңызды белестің бірі.

«Шетелдегі қандастарымызды елге қайтару ісі ешқашан назардан тыс қалған емес, қалмайды да. Дүние жүзіндегі қандастарымыздың басын туған жерде біріктіру – біздің қасиетті парызымыз» деп Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, шын мәнінде, ұлы көш – тәуелсіздіктің жемісі ғана емес, азаттықтың арқасында жүзеге асқан тарихи арманның орындалуы. Ғасырлар бойы шекара асып, жат жерде өмір сүрген қазақтардың атажұртына қайта оралуы – ұлттық тұтастықты жаңғыртып, елдіктің еңсесін көтерген ерекше оқиға. Сондықтан көштің 35 жылдық белесі – елге оралған қандастардың тағдырын ғана емес, тәуелсіз Қазақстанның тұтас тарихын, ұлттың бірлік пен тұтастық жолындағы ұмтылысын бағамдайтын маңызды кезең.

Алмат АЛТАЙ,
Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының қызметкері

ЗОРЛЫҚҚА ҚАЛАЙ ТОСҚАУЫЛ ҚОЯМЫЗ?

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға ерекше мән беріп, Үкіметке нақты іс-шаралар қабылдауды тапсырғаны мәлім. Соңғы жылдары елімізде әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау бағытында маңызды жұмыстар атқарылды. Жауапкершілік күшейді, зорлықтың алдын алу тетіктері кеңейді. Алайда қайғылы жағдайлар әлі де жалғасуда.

Соңғы бірер айдың өзінде қоғамды дүр сілкіндірген бірнеше оқиға болды. 13 шілдеде Абай облысында 20 жастағы Дильназ Жұмағұлова пышақ жарақатынан қаза тапты. 23 қыркүйекте Астанада екі баланың анасы Жазира Адауованы бұрынғы жұбайы өлтірді. Осы орайда қолданыстағы қорғау тетіктері зорлық-зомбылық болғаннан кейін ғана әрекет етпей, қауіпті алдын ала анықтап, оның жолын кесуге қаншалықты мүмкіндік береді деген маңызды сұрақ туындайды.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заңы қорғау нұсқамасын шығаруға мүмкіндік береді. Аталған нұсқамаға сәйкес, зорлық-зомбылық жасауға, жәбірленушінің еркінен тыс оны іздестіруге, аңдуға, оған баруға, келіссөздер жүргізуге және өзге де тәсілдермен байланысқа түсуге тыйым салынады. Сонымен қатар қолданыстағы құқықтық реттеу профилактика есебінде тұрған адамдарға қатысты профилактика бақылауын жүзеге асыру және олардың орналасқан жері туралы ақпарат алу мақсатында ішкі істер органдарының электрондық бақылау құралдарын қолдануын көздейді. Оған қажетті құқықтық та, цифрлық та мүмкіндіктер бізде бар.

Ендігі міндет – сол мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, қауіпті дер кезінде анықтау және адамның өмірі мен қауіпсіздігін қорғау. Жәбірленушіні нақты қорғауды қамтамасыз ету үшін мұндай адамның орналасқан жерін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің қорғауына алынған адамға қауіпті түрде жақындауын да уақытылы анықтау аса маңызды. Мұндай тетік шет мемлекеттерде қолданылады. Мәселен, Францияда жақындауға тыйым салуды электрондық бақылау тетігі – bracelet antirapprochement қолданылады (Бұл тетік жәбірленушінің де, оған қауіп төндіретін адамның да орналасқан жерін бір мезгілде анықтауға мүмкіндік береді. Белгіленген арақашықтық бұзылған жағдайда жүйе автоматты түрде дабыл сигналын береді, содан кейін құқық қорғау органдары жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдайды. Франция Әділет министрлігінің ресми деректеріне сәйкес, 2026 жылғы 23 ақпанда бір мезгілде осындай 641 электрондық білезік қолданылған, ал аталған қорғау тетігін 3281 жәбірленуші пайдаланған). Бұл ретте жәбірленушіден полицияға өз бетінше қоңырау шалып, агрессордың қайтадан өзіне жақын жерде жүргені туралы хабарлау талап етілмейді. Осыған ұқсас тәсілді Қазақстанда да қолдану мүмкіндігін зерделеу қажет деп санаймыз. Бұл ретте қымбатқа түсетін жаңа электрондық бақылау жүйесін нөлден бастап құру туралы сөз болып отырған жоқ. Қажетті негіз қазірдің өзінде қалыптасып келеді: мемлекет электрондық бақылау құралдарын қолданады, сондай-ақ профилактика есебіне алу мен бақылау тетіктеріне ие. Осыған байланысты Ішкі істер министрлігіне жәбірленушінің электрондық қорғаныш аймағын құрудың ұйымдастыру-техника моделін әзірлеуді және оны жекелеген өңірлерде пилоттық режимде сынақтан өткізуді ұсынамын. Бірінші кезеңде пилоттық жобаны қайталама зорлық-зомбылық қаупі жоғары жағдайларда қолдану және оның шеңберінде электрондық бақылаудағы адамның жәбірленушіге қауіпті түрде жақындауын автоматты түрде анықтаудың техникалық мүмкіндігін пысықтау ұсынылады. Бұл ретте жүйенің қауіпті қалай анықтайтынын ғана емес, сигнал түскеннен кейін қандай әрекеттер жасалатынын да айқындау аса маңызды. Электрондық сигналдың өзі адамды қорғамайды. Сондықтан қанатқақты жобамен қатар, қауіпті жақындау туралы сигналға ішкі істер органдарының ден қоюының нақты алгоритмін әзірлеу қажет. Координаттары көрсетілген мұндай сигнал кезекші бөлімге автоматты түрде келіп түсуге және басым тәртіппен ден қою үшін полицияның ең жақын жасағына берілуге тиіс. Оқиға орнына келген қызметкерлер, ең алдымен, жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тараптарды бір-бірінен оқшаулауға, қорғау нұсқамасының немесе өзге де белгіленген шектеулердің сақталуын тексеруге, болған оқиғаның мән-жайын тіркеуге, сондай-ақ заңда көзделген негіздер болған кезде құқық бұзушыға қатысты тиісті шаралар қабылдауға тиіс.

Егер анықталған мән-жайлар қауіптің сақталғанын немесе күшейгенін көрсетсе, жәбірленушіні қорғаудың заңнамада көзделген қосымша шараларын қолдану және құқық бұзушыға бақылауды күшейту мәселесі шешілуге тиіс. Бұдан бөлек, әрбір осындай сигнал және оған ден қою нәтижесі цифрлық түрде тіркелуі қажет. Атап айтқанда, қауіпті жақындаудың уақыты мен орны, сигналдың келіп түскен сәті, полиция жасағын жіберу және оның оқиға орнына келу уақыты, анықталған мән-жайлар мен полиция қызметкерлері қабылдаған шешім тіркелуі қажет. Бұл қауіп төндіретін адамның мінез-құлқын ғана емес, мемлекеттің де уақытылы әрі толық ден қоюын бақылауға мүмкіндік береді.

Қанатқақты жобаның қорытындысы бойынша оның тиімділігінің нақты көрсеткіштерін бағалау қажет. Олардың қатарына тіркелген қауіпті жақындау жағдайларының саны, полицияның ден қою уақыты, расталған бұзушылықтар саны, қабылданған шаралар, ең бастысы, пилоттық жобаға енгізілген жәбірленушілерге қатысты қайталама зорлық-зомбылық жағдайларының орын алуы жатады. Сонымен қатар геолокация деректерін қорғау және сақтау, жүйенің техникалық сенімділігі, жоғары қауіп деңгейін айқындау өлшемшарты, сондай-ақ жүйені одан әрі кеңейтіп енгізу құны мәселелері жеке бағалануға тиіс. Осыған байланысты мынадай ұсыныстарым бар:

Біріншіден, Ішкі істер министрлігі жекелеген өңірлерде «Электрондық қорғаныс аймағы» пилоттық жобасын әзірлеп, сынақтан өткізуі тиіс.

Екіншіден, қауіп туралы сигнал түскенде полицияның нақты не істеуі керектігін белгілейтін бірыңғай міндетті алгоритм бекітуі қажет.

Үшіншіден, әрбір қауіп сигналы және сол бойынша қабылданған шаралар автоматты түрде цифрлық тіркеуге алынуы қажет. Бұл әрбір сигнал бойынша кімнің, қашан және қандай шара қабылдағанын нақты көруге мүмкіндік береді.

«Заң мен тәртіп» қағидатын жүзеге асыру үшін қолда бар құқықтық және цифрлық мүмкіндіктерді пайдаланып, қауіпті жағдайларды дер кезінде анықтап, оның алдын алуымыз керек.

Айжан АЙМАҒАНОВА,
Құрылтай депутаты

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҰЛЫҚТАУШЫ

Мейірімді ата-ананың тәрбиесін көрген бала қашанда қайырымды, кішіпейіл және айналасына қамқор болып өседі. Ата-ананың берген дұрыс тәрбиесі мен оның жылы мейірімі – баланың жүрегінде ұялап, кейін өздері де сондай тәрбие мен жақсы қасиетті айналасындағы адамдарға сыйлайды. Осылайша ізгіліктің, жақсылықтың негізін қалайды. Осындай ортада өскен Бақыт Анасқызы Ғабдуллина – бүгінде өзі де ел анасы атанып отырған аяулы жан.



Бақыт Анасқызы Ғабдуллина 1955 жылы Солтүстік Қазақстан өңірінде туып өскен. Орта мектепті жақсы тәмамдап, өзінің ұстаз болу арманын жүзеге асырады. Арқалық қаласындағы педагогика институтының бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша білім алып, мектепте ұзақ жылдар мұғалім бола жүріп, зейнетке шығады. Бір жерде, бір мектепте – орысы бар, қазағы бар ұжым арасында – өмірбақи басынан ақ орамалын түсірмеген ұлағатты ұстаз атанады. Басындағы ақ жаулығын қадірлеп өткен аяулы ұстаз, ана зейнетке шыққаннан кейін де аналар қоғамдық ұйымының төрайымы болып ауыл өмірінің түрлі іс-шарасына атсалысады. Әлі де сол қоғамдық жұмыстан қол үзбей келеді. Көптеген жетістігі бар ардагер ұстаз. Алтын алқалы ана. Жолдасы Нұрмағанбет екеуі – ұл-қыз тәрбиелеп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, немере сүйіп отырған бақытты отбасы. 2005 жылы өңіріміздің «Мерейлі отбасы» байқауына қатысып, жеңімпаз атанған үлгілі жанұя.

Осы орайда Бақыт Анасқызының бауырмалдылығы, мейірімділігі мен қайырымдылығы жайында айта кетсем деймін. 1996 жылдары Бақыт Анасқызы мектепте мұғалім болып жүрген кезінде жетім балалар үйінде қара көз балалардың көбейіп бара жатқанын құлағы шалады. Тіпті сол жетімдерді шетелге сатып жатыр екен деген суық хабарды да өз құлағымен естиді. Шынында да, сол жылдары Қазақстанда біраз отбасы сол жетімдерді бала етіп асырап алып жатқан еді. Бақыт Анасқызы қатты толқиды, қай заманда қазақ өз баласын жетім еткен?! Бұл біздің ұлтымызға үлкен қасірет қой деп налиды. Жүректі ауыртатын, жаныңа жара салатын қасіреттен қалай құтылуға болады деп толғанады. Содан жан жолдасы Нұрмағанбетпен ақылдасады. Шын мәнінде, бұл жерде жетім балалардың ешқандай жазығы жоқ қой... Олар бұл өмірге өз қалауымен келді ме, ата-анасының кінәсінен болып жатқан қасірет деп, жолдасы Нұрмағанбет екеуі шешім қабылдап, бала асырап аламыз деп жоспар құрады. Балаларымызбен бірге өсіп-жетіледі, «Әр баланың өз несібесі бар» деген халқымыздың қанатты сөзі бар емес пе, әрбір туған нәрестені жақсылыққа балап, оның өмірлік жолы мен ризығын Алла Тағала береді деп ата-бабаларымыз да айтты емес пе деп, ақыры екеуі жауапты тоқтамға келеді. Содан үш баланы балалар үйінен Бақыт Анасқызы отағасымен үйге алып келеді. Бүгінде олардың жеті баласы, бірнеше немерелері бар бақытты отбасы.

– Сол екі қыз бен ер баламыз ержетіп, үлкен адам болды. Қыздар Астанада тұрады. Ал ұлымыз – әскери маман. Бүгінде үш баланың әкесі. Осы балаларымнан рахат көріп отырмын, – дейді Бақыт Анасқызы.

Бақыт Анасқызы жұбайы Нұрмағанбетпен 41 жыл бақытты өмір сүріпті. Ол кезінде Үкімет үйінде инженер-энергетик болып қызмет атқарыпты. 63 жасында өмірден өтіпті.

– Өте қарапайым, мейірімді, қайырымды, жақсы адам еді, мені алақанына салып, тіпті мәпеледі десем артық айтпас едім, – дейді Бақыт Анасқызы.

Ол балаларына да мейірімшуағын төккен, адами қасиеті жоғары адам болғаны балаларына деген махаббатынан туындаған қасиет дерміз. Жеті баланы бірдей тәрбиелеп, бәріне бірдей әкелік сезімін көрсетіпті.



Бақыт Анасқызы да бойындағы ұстаздық қасиетін, балаларға деген шексіз махаббат пен шынайы мейірімін өмір бойы төгіп, бүгінде өсіп-өнген барлық баласының жақсылығын көріп, немерелерінің қызығына бөленіп отырған жайы бар.

Ұзақ жыл Бақыт Анасқызы мектепте ұстаздық етіп, балаларын тәрбиелеп, оқыта жүріп, қоғамдық жұмыстан да қол үзбеді. Ал Астанаға көшіп келген соң ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайтын, қазақ мәдениетінің үлгісін көрсететін ұлттық киімдері мен қазақтың ескі әндерін, ұлттық аспаптарды насихаттауды қолға алғысы келеді. Айналасына өзі сияқты адамдарды және өнерлі жастарды топтастырып, бір орталық ашуды армандайды. Ойы жүзеге асады. «Tumar» этно-фольклор орталығын ашады. Осылайша, Астана қаласында ұлттық құндылықтарды, қазақтың салт-дәстүрлері мен қолөнерін, әсіресе ұлттық киім мәдениетін заманауи үлгіде жаңғырту мақсатында құрылған орталық өмірге келеді. Қазақ мәдениетін, әсіресе көшпенділердің киім үлгілері мен мұрасын халықаралық және республикалық деңгейде насихаттап жүрген шығармашылық орталыққа айналады. Бақыт Анасқызының бастамасымен орталық тек коммерциялық жоба ғана емес, бүгінде үлкен мәдени-ағарту ошағына айналып отыр. Бас қалада өтіп жатқан іс-шараларға олар жиі қатысып тұрады. Олардың, яғни «Tumar» этно-фольклор орталығының басты мақсаты – өскелең ұрпаққа қазақ фольклоры мен ұлттық кодты сіңіру.

Көне және дәстүрлі қазақ аспаптары: домбыра, қобыз, жетіген, сыбызғы мен даңғырада кәсіби деңгейде ойнайтын мульти-инструменталист музыканттары бар. Сондай-ақ Астана қаласы Сарайшық ауданының арнайы орталығымен бірлескен жоба аясында ансамбль құрамында ұлттық кодты кейінгі ұрпаққа аманаттап жүрген ардагерлер мен үлкен буын өкілдері өнер көрсетіп келеді.

«Tumar etno» театрландырылған топ мүшелері мерекелерде, шетелдік дефилелер мен көрмелерде қазақ батырлары мен аруларының образын сомдайтын кәсіби модель-актер де болып кетеді. Олар қыз ұзату, беташар және халықаралық форумдарда қазақ дәстүрін сахна қойылымымен жеткізетін бишілер мен салт-дәстүрді насихаттауда.

Бақыт Анасқызының орталығындағы өнерпаздар тек әуен ойнап қана қоймай, заманауи шоу элементтерін, тарихи костюмдер шеруін көрсетіп, сахнада көшпенділер мәдениетінің атмосферасын қалыптастырады. Қазақ халқының тарихи һәм заманауи киім үлгілерін ескере отырып, жоғары талғамдағы премиум ұлттық киімдер, зергерлік бұйымдар мен бас киімдер: сәукеле, тақия, бөрік жасаумен де айналысып келеді. Әсіресе олардың қыз ұзату мен беташар, сүндет той, тағы да басқа дәстүрлі мерекелерге арналған авторлық киімдер топтамасын әзірлеп, көбіне оны прокатқа қояды және тапсырыс бойынша ұлттық киімдерді тігіп береді.

Бақыт Анасқызы Ғабдуллина жетекшілік ететін Астана қаласындағы «Tumar» этно-фольклор орталығының шығармашылық ұжымы шетелдік сапарларға және топ құрамы әртүрлі фестиваль, тіпті байқауларға да қатысуда. Өздерінің өнерпаздары, әншілері бар. Олардың шығармашылық тобы қазақтың дәстүрлі музыкасын, ұлттық өнері мен этнодизайнын халықаралық деңгейде танытуда.

Ансамбльдің негізгі мүшелері мен музыка аспапшылары жайында айтар болсақ, қазіргі таңда оның құрамында 18 зейнеткер тұрақты түрде өнер көрсетеді. Біз сөз еткен музыка аспаптарын олар егде тартқан шағында дәл осы орталықта үйреніп алған. Ұжымның көркемдік жетекшісі – Гүлфия Шаграева. Ол – ансамбльдің музыкалық бағытын, репертуарын және Ташкенттегі халықаралық байқауда бас жүлдені жеңіп алуына қол жеткізген кәсіби маман. Ал топта жасы ең үлкені – 80 жасар Әлия Айтжанова әжеміз сазсырнай мен үрмелі аспаптарда шебер ойнайды.

Бақыт Анасқызының «Tumar» этно-фольклор орталығы – қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен рухани мұрасын дәріптеуді мақсат еткен шығармашылық-мәдени ұйымы бүгінгі таңда Астанада, тіпті республикамызда өтіп тұратын ұлттық мәдени іс-шараларға жиі қатысып тұрады.

Ғалия БАЛТАБАЙ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
журналист

ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР

СӘКЕННІҢ КОФЕ ҰНТАҚТАҒЫШЫ

Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын танытатын елордадағы музей қорындағы әрбір жәдігердің өзіндік тарихы бар. Соның бірі – Сәкен пайдаланған кофе ұнтақтағыш. Аталған бұйым Сәкен Сейфуллиннің 1927-1928 жылдары Қызылорда халық ағарту институтының ректоры қызметін атқарған кезіндегі тұрмыс-тіршілігімен байланысты.

Тарихи жәдігерді музей қорына актер, әнші, ақын, драматург Қанат Жүнісов тапсырды. Ал оның қолына Ілесбек Сариев деген азамат берді.

«1927 жылы Сәкен Сейфуллин Қызылорда халық ағарту институтының ректоры болған кезде, менің әкем Жалғас Сариев небәрі 11 жаста еді. Әкемнің әкесінің аты – Төремұрат, яғни атам сол уақытта Қызылорда қаласында бір мекемеде лауазымды қызметте болса керек. Соған байланысты Сәкен Сейфуллинмен бірлескен іс-шараларда жиі кездесіп, жақсы араласып тұратын. Бұл туралы маған әкем тірі кезінде көп айтып отыратын. Сол жылдары, яғни 1927-1928 жылдары болса керек, Сәкен жұмыс орны ауысуына байланысты көшетін болып, Төремұрат атам Жалғас әкемді көшірісуге жәрдем беруге алып келген. Көшіруді аяқтап, жәрдемдесіп болған соң, Сәкен әкемнің қасына келіп қолын алып, құшақтап, алғысын айтады. Сол тұста өзінің тұрмыста қолданып жүрген кофе ұнтақтағышын әкемнің қолына ұстатып, Төремұрат атаммен қоштаса тұрып, естелік сый әрі жәдігер есебінде ұсынады. Осы кофе ұнтақтағышты әкем тұрмыста қолданғаны есімде жоқ. Бірақ сол уақыттан бері 47 жыл сақтап, қолына алған уақыты маған осы заттың қаншалықты құнды зат екенін жиі айтып отыратын. Әкем 1975 жылы 24 сәуірде 59 жасында қайтыс болады да, осы жәдігер әкемнен маған мирас болып қала берді. Оның қаншалықты құнды екенін білгендіктен, оны әкемнің көзі есебінде осы уақытқа дейін жоғалтпай, сақтап келдім» деген еді жәдігерді тапсырғанда Ілесбек Жалғасұлы.

Бір айта кетерлігі, XX ғасырдың басында қолмен айналдыратын кофе ұнтақтағыштар Еуропа мен Ресейде кеңінен қолданылған. Ол кезеңде электрлі тұрмыс құрылғылары әлі жаппай таралмағандықтан, кофе дәндері осындай механикалық құралдардың көмегімен ұнтақталған.

Зере ҚУАНЫШ,
Сәкен Сейфуллин музейінің
экскурсия жүргізушісі



№138 (5036) 21/11/2026 Сенбі





СЕРКЕБАЕВ ЖӘНЕ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Қазақ опера өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалардың бірі – Ермек Серкебаев. Биыл өнер майталманының туғанына 100 жыл толып отыр. Осыған орай Астанада «Дәстүрді сақтай отырып, болашаққа жол ашамыз» атты өңірлік конференция өтті.

Мәдени-ағартушылық басқосу ұлттық музыка мұрасын дәріптеуге, дәстүр мен заманауи білім беруді сабақтастыруға арналды. Салтанатты іс-шараның құрметті қонағы ретінде Астана қаласының бала құқықтары жөніндегі уәкілі, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері Әсима Бимендина құттықтау сөз сөйлеп, конференция жұмысына сәттілік тіледі. Сонымен қатар, қатысушыларды «Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» өкілдері құттықтады.

Ашылу салтанаты аясында мектеп оқушылары мен педагогтарының қатысуымен концерттік бағдарлама ұсынылды. Конференцияның маңызды сәттерінің бірі – Zoom платформасы арқылы Ермек Серкебаевтың қызы, қазақстандық жазушы, журналист, тұлғатанушы Ирина Серкебаевамен онлайн кездесу болды. Ол конференция қатысушыларын айтулы шараның ашылуымен құттықтап, әкесінің шығармашылық мұрасын дәріптеуге бағытталған игі бастамаға жылы лебізін білдірді. Одан әрі конференцияның пленарлық отырысы басталып, музыкалық білім беру мен ұлттық өнердің өзекті мәселелеріне арналған баяндамалар тыңдалды.

Үш күнге жоспарланған конференция аясында еліміздің түрлі өңірлерінен келген өнер мектептерінің педагогтары тәжірибе алмасып, кәсіби шеберліктерін жетілдіріп, ұлттық музыкалық білім берудің дәстүрі мен болашағы жөнінде пікір білдіреді. Конференцияның негізгі мақсаты – көрнекті әншінің шығармашылық мұрасын насихаттау, ұлттық және академиялық музыкалық дәстүрлердің сабақтастығын сақтау, сондай-ақ музыкалық білім беру саласындағы кәсіби тәжірибе алмасуды дамыту.

Үш күндік бағдарлама аясында музыкалық білім берудің өзекті мәселелеріне арналған баяндамалар тыңдалып, ашық сабақтар, шеберлік сыныптары мен шығармашылық кездесулер өткізіледі. Сонымен қатар ұлттық музыкалық мұраны сақтау, заманауи оқыту әдістерін енгізу, цифрлық технологияларды пайдалану және өнер арқылы жас ұрпақтың тұлғалық қалыптасуына ықпал ету мәселелері қарастырылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасында «Отандастар қоры» КЕАҚ ұйымдастыруымен «Ұлы Дала» халықаралық кітаптар сериясының жаңа топтамасының таныстырылымы өтті. Оқырман назарына Моңғолия, Ресей, Өзбекстан және Қытайда тұратын қазақ қаламгерлері мен ғалымдарының бес еңбегі ұсынылды.



«ҰЛЫ ДАЛА» ТОПТАМАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Салтанатты іс-шараға ҚР Сыртқы істер министрлігінің, «Отандастар қоры» КЕАҚ мен Қазақстан Жазушылар одағының өкілдері, кітап авторлары, мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысты.

Жаңа топтамаға Рысбек Зұрғанбайұлының «Моңғолия қазақтары: саяси нәубет және тарихи жады», Жазитхан Әуелханның «Құт мекенім – Қосағаш», Құлназар Ибрагимовтың «Жыр өткелі», Сұлтан Жанболатовтың «Таластағы тайталас» атты еңбектері мен Ағыпар Бәкейдің «Микроэкономика» оқулығы енді. Бұл шығармалар шетелдегі қазақ қауымдарының тарихын, тағдырын, әдебиеті мен мәдениетін таныстырумен қатар, ғылыми білім қорын толықтыруға бағытталған.

Таныстырылымда сөз сөйлеген ҚР Сыртқы істер министрлігі Халықаралық ақпарат комитеті төрағасының орынбасары Дәурен Әбдікадыров жобаның ұлттық руханиятты дамытудағы маңызына тоқталды. Оның айтуынша, қай елде өмір сүрсе де, қазақты біріктіретін ортақ құндылықтар – ана тілі, төл тарихы, ұлттық мәдениеті мен рухани мұрасы. «Ұлы дала» жобасы – тарихи жадыны жаңғыртуға, қазақ тіліндегі әдеби және ғылыми еңбектердің аясын кеңейтуге бағытталған маңызды бастама. Шетелдегі отандастармен мәдени-гуманитарлық және рухани байланыстарды нығайту – Сыртқы істер министрлігінің маңызды бағыттарының бірі. Осы ретте «Отандастар қоры» жүзеге асырып жатқан жұмыстардың орны ерекше» деді ол.

«Отандастар қоры» КЕАҚ президенті Ырысқали Дәуренбек шетелде өмір сүріп жатқан қазақ қауымдарының ана тілін, әдебиеті мен тарихи жадын сақтаудағы еңбектеріне назар аударды. Оның айтуынша, қандас қаламгерлер мен ғалымдардың шығармалары өздері тұратын өңірлердегі қазақтардың өмірін, мәдениеті мен тарихи тағдырын танытқанымен, олардың бірқатары Қазақстан оқырмандарына жете бермейді. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында қор Қазақстан Жазушылар одағымен бірлесіп, 2023 жылдан бері «Ұлы дала» халқаралық жобасын жүзеге асырып келеді. Бүгінге дейін жоба аясында 30-ға жуық еңбек жарық көрген.

ҚАЛАМГЕРДІҢ ТАҒЫЛЫМДЫ ҒҰМЫРЫ

Астана қаласы Мемлекеттік архивінде кешегі Целиноград, Ақмоланың әдеби-мәдени және қоғамдық өмірінде үлкен із қалдырған жазушы, публицист Мәди Хасенұлының туғанына 90 жыл толуына арналған еске алу кеші өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«Мәди Хасенұлы: тағылымды ғұмыр, өшпес мұра» атты дөңгелек үстел отырысына қаламгердің ұрпақтары, туыстары, шәкірттері, замандастары мен зиялы қауым өкілдері қатысып, оның өмір жолы мен шығармашылық мұрасы туралы естеліктерімен бөлісті. Әсіресе, журналистика мен әдебиеттегі сол кездегі жас журналиске берген бағыт-бағдарының нәтижесінде ұлттық мәселені қозғаған «Маңдайшадағы қойыртпақтар» атты мақала жазылды. Бұл материал арқылы қалада қазақ тілінің мәртебесі көтеріліп қалды. Сондай-ақ жас журналистің Целиноград қалалық халық депутаттары кеңесінің депутаты болып сайлануына Мәди Хасенұлының кеңесі түрткі болды. Осы туралы әңгімелеген Мұратбек



еңбегі, қазақ мектептері мен тіл мәселесіне, ауыл өміріне қатысты азаматтық ұстанымы, кісілік келбеті әңгіме өзегіне айналды. Архив арнайы әзірлеген деректі бейнеролик арқылы Мәди Хасенұлының өмірі мен шығармашылық жолы көпшілік назарына ұсынылды. Арнайы ұйымдастырылған көрмеге қаламгердің құжаттары, қолжазбалары мен кітаптары, фотосуреттері қойылды.

Қазір арамызда жүрген бірқатар азамат журналистика мен әдебиетте өнімді еңбек еткен Мәди Хасенұлынан тәлім алып, оның тәрбиесін көрді. Солардың бірі ардагер журналист Марат Дәдікбай «Коммунизм нұры» (қазіргі «Арқа ажары») газетіне қызметке келгенде бір бөлімде Мәди Хасенұлының қол астында 12 жыл жұмыс істегенін, одан көп нәрсе үйренгенін айта келе, қаламгердің қайраткерлік, журналистік және жазушылық қырларына тоқталды. Мәди Хасенұлы журналист ретінде мәселені көтере білгенімен, бір істі бастаса, аяғына дейін жеткізбей қоймаған қасиетімен ерекшеленгенін айтты. Өте ақжарқын, ұлтжанды азамат болғанын, мәселен, қазақ балабақшасы болмаған қалада қазір де жұмыс істеп тұрған «Ақ қайың» балабақшасының ашылуына мұрындық болғанын, осы төңіректегі таланттардың танылуына ерекше көңіл бөлгенін, «көзін ашқан бұлақтың» бірі қаламгер Рысты Шотбаева екенін атап өтті. Жазушының көзінің тірісінде «Қиянат» романы жарық көрмегенін, кейін ғана кітап болып шыққанын әңгімелеп, бұл туындының құндылығына тоқталды.

Қазіргі белгілі журналист, ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Мұратбек Тоқтағазиннің қаламының ұшталуына Мәди Хасенұлының септігі тиді. Қаламгердің Балқыбекұлы Мәди Хасенұлының мұрасын насихаттау мен есімін есте қалдыру мақсатындағы бірқатар ұсыныстарын жеткізді.

Мәди Хасенұлының жиені Көшек Сәменов нағашысының қолында тәрбиеленген жылдары жайлы, қаламгердің бауыры Еркін Баймурзин мен жиені Әсия Сүлейменова жазушының өмірі мен адамдық болмысына қатысты естеліктерімен бөлісіп, оның отбасындағы орны мен жақындарына жасаған қамқорлығын еске алды.

Белгілі қаламгер Жанайдар Мусин мен Мәди Хасенұлы нағашылы-жиенді азаматтар еді. Бұл әулеттен тағы бір журналист Жанғали Хасенов шықты. Осы жиынға қатысқан ол қаламгердің тың тақырыбына арналған «Тайталас» сынды шығармаларындағы кейіпкерлердің прототиптері өзі туып-өскен Зеренді өңірінің адамдары екенін айтып, олардың кейбірі әлі күнге дейін өмір сүріп жатқанын жеткізді. Мәди Хасенұлы туған ауылынан адамдар көше бастағанда мәселе көтеріп жүріп, алтын бесігін сақтап қалғанын айтып өтті.

Мәди Хасенұлының ұлы Алмас Хасенов пен қызы Айнаш Хасенова әкелері туралы естеліктерімен бөлісіп, оның жақындарына, тіпті бөтен адамдарға жасаған қамқорлығы мен шапағатын әлі күнге дейін сезініп келе жатқандарын айтты. Әкелерінің есімін ұлықтап, рухани мұрасын насихаттағаны үшін Астана қаласының Мемлекеттік архивіне алғыстарын жеткізді. Ұйымдастырушылардың тарапынан сөз алған елорда архиві директорының орынбасары Рита Әлібекова мен Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және іс-шараларды өткізу бөлімінің бас сарапшысы Ғазиза Исахан архив жұмысына тоқталып, алдағы жоспарларын жеткізді. Соның ішінде Мәди Хасенұлы туралы кітапты әзірлеу мүмкін екендіктерін айтып өтті.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №138
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ